

Бекітемін
«Әлия» жекеменшік балабақшасының
Басшысы
Карабалаева А.С.
2021-2022 оқу жылы



2021-2022 оқу жылына арналған «Балдырған» ересек тобының перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Сабденбекова Ұ, Сагитжанова Ф

Мұнайлы ауданы, 2021-2022 ж

«ӘЛИЯ» жекеменшік балабақшасының «БАЛДЫРҒАН» ересек тобының перспективалық жоспары ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ 2021-2022 ж
Өтпелі тақырып: « БАЛАБАҚША»

Мақсаты: Балалардың балабақшаға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, тәрбиелеу . Өзара сыйластыққатәрбиелеу.

Балабақшада үлкендерді сыйлауға ,кішіге үлгі бола білуге тәрбиелеу.

Міндеті: Балабақшада қызмет атқаратын апайлардың еңбектерімен танысу . Топта сақтай білуге әдептілік қалыптастыру.Үйдегі және балабақшадағы қауәпсіздік ерекшеліктерімен таныстыру.

	Денсаулық Дене шынықтыру(3с)	Қатынас Сөйлеуді дамыту(1) Көркем әдебиет(1) Орыс тілі (0,5)	Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)	Шығармашылық Сурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру(0,5)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1.апта	Дене шынықтыру .Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тақырыбы: Жүру .Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 4-6 м арқашықтыққа	Сөйлеуді дамыту Топ бөлмелері мен топтағы заттарды, заттардың бөлшектерін ажыратып атауға, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету. Тақырыбы: Қуыршақ бізге қонақа келді. Көркем әдебиет Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп оқиғаны эмоционалды қабылдауға үйрету.	Математика негіздері «Көп», «Біреу» ұғымдарымен таныстыру, топтағы заттарданбір немесе көп заттарды тауып көрсетуге, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйрету Тақырыбы: Бір және көп заттарды салыстыру және арасындағы сәйкестікті орнату. Жаратылыстану Балабақшаның ауласындағы өсімдіктерді, ағаштарды, гүлдерді бақылау жасау, олардың өзіне тән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету.	Сурет салу Түрлі бағытта түзу сызықтарды олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету, балабақша ауласындағы жолды ондағы гүлзардың суретін салу Тақырыбы: «Жолақтағы ою элементер» Мүсіндеу Ермексаз және сазбалшықтың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру, олардың кесектерін домалату, ширату, созу тәсілдерін үйрету	

	<p>еңбектеу. Тақырыбы: Жүру 3. Сапта бір- біреуден жүру және жүгіру. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Тақырыбы: Екі аяқпен секіріп тұру Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Тақырыбы: Біздің балабақша</p>	<p>Тақырыбы: Бізді қоршаған табиғат Құрастыру Әртүрлі құрылыс материалдарымен таныстыру, әртүстегі бөлшектерден орындықтың құрылысын құрастыруға үйрету. Тақырыбы: Көп қабатты үйлер</p>	<p>Музыка Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету Тақырыбы: Сәби қуанышы Музыка Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету Тақырыбы: Топ-топ балақан</p>	
--	--	--	--	---	--

<p>2.апта.</p>	<p>Дене шынықтыру 1.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тақырыбы: Екі аяқпен секіріп тұру 2.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.. Тақырыбы: Бір орныннан ұзындыққа секіру Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру.. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тақырыбы: Бір орныннан ұзындыққа секіру Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекешетүрін қолдануға, ересектердің сөзінзейін қойып тындауға және түсінуге үйрету. Тақырыбы: Ит және оның күшіктері Көркем әдебиет Балабақша туралы түсініктерін кеңейту, қарым- қатынас әдебінің қарапайым нормаларын меңгерту, сөз байлығын, сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өзіне деген сенімділікті, басқалардың пікірін тындай білу, сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айту. Тақырыбы: Кел, танысайық! Русский язык Научить детей слушать, запоминать и правильно произносить русскую речь, формировать навыки понимания и восприятия названий некоторых предметов быта; правильно ставить ударение в словах при произношении Тақырыбы: Мой любимый детский сад.</p>	<p>Математика негіздері «Көп», «Біреу» ұғымдарын бекіту, заттарды бір қатарға реттілікпен солдан оңға қарай орналастыруды үйрету. Тақырыбы: 4 көлеміндегі заттарды санауға үйрету Жаратылыстану Сипап сезу және дәмін тату арқылы көкөністер мен жемістерді ажыратып, атай білуге сөйлегенде: шикі, піскен, тұзды және т.б. сөздерді қолдануға үйрету. Тақырыбы: Қанатты достар</p>	<p>Сурет салу Домалату, ширату, созу тәсілдерін қолдана отырып, көкөністердің бейнелерін жасауға үйрету Тақырыбы: Не салғым келсе соны саламын Музыка Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тындауға, есте сақтауға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету Тақырыбы: Достық Жапсыру Қоршаған орта және үй жануарлары туралы Білімдерін кеңейту; Балаларды қайшымен жұмыс істеуге үйрету; техникалық қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру; төртбұрыш, шаршылармен үйдің қабырғасын, үшбұрышпен үйдің шатырын жасауға болатындығын түсіндіру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру. Қайырымдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Балабақша мен балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту, балабақшаға жағымды көзқарастарын қалыптастыру Тақырыбы: Балабақша бөлмесі.</p>
----------------	--	---	--	--	--

		Денсаулық шынықтыру(3с)	Дене	Қатынас Сөйлеуді дамыту(1с) Көркем әдебиет(1с) Орыс тілі (0,5)	Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)	Шығармашылық Сурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру(0,5)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5)
3 апта		Дене шынықтыру 1. Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқтыалшақ ұстап допты домалату. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Тақырыбы: Тепе -теңдік 2. Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепе- теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Тақырыбы: Тепе -теңдік 3. Тізені жоғары көтеріп жүру жәнеаяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алғажылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақұстап допты домалату Тақырыбы: Жүруді жүгірумен , жүгірудіжурумен алмастыру. Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша		Сөйлеуді дамыту Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыруға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету. Тақырыбы: Ойыншықтар дүкені Көркем әдебиет Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың интонациясын сақтап айтуға үйрету. Тақырыбы: Ойыншықтар	Математика негіздері Балаларды геометриялық пішіндер шеңбер және шаршымен таныстыру, олардың пішінін қолмен ұстап көру арқылы зерттеуге үйрету Тақырыбы: Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті анықтау. Үлкен , кіші , кішкентай. Шаршыны көптеген фигуралар арасынан табу. Жаратылыстану Көкөністерді, жемістер мен саңырауқұлақтарды жинау туралы түсінік беру, олармен ойыншықтарды қоректендіруді үйрету (куыршақты жемістермен, қоянды сәбізбен) Тақырыбы: Аяғы бар қалпақтар Құрастыру Кірпіштерді қалау арқылы ойыншықтың құрылысын құрастыруды үйрету Тақырыбы: Жиһазалпақтар	Сурет салу Түзу сызықтарды түрлі бағытта салуды жетілдіру, сүйікті ойыншығының суретін салу. Тақырыбы: Сүйікті ойыншығым. Музыка Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытуға, әнді сергек, ширақ, әндете, айтуға, әуенменбірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету Тақырыбы: Бесік жыры Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, әннің сөздерін анық, нақты түсініп орындауға, үйрету Тақырыбы: Кір куыршақ Мүсіндеу Ермексаз және сазбалшықтың қасиетерімен танысу дағдыларын жетілдіру, олардың кесектерін домалату, ширату, созутәсілдерін үйрету Тақырыбы: Бақшадағы қызынақпенқияр	

4-апта.	<p>Дене шынықтыру 1.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тақырыбы: Жүруді жүгірумен , жүгіруді журумен алмастыру.</p> <p>Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Тақырыбы: Бөрененің үстінде жүру Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе- теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Тақырыбы: Бөрененің үстінде жүру Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Жиһаздар туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорды заттардың қасиетін білдіретін сөздермен толықтыруға үйрету. Тақырыбы: Қуыршақтың бөлмесі Көркем әдебиет Өңгіменің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту, р дыбысын айтуды үйрету, сахналау барысында кейіпкердің бейнесіне еніп, олардың мінез-кұлқын келтіру, түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауды қалыптастыру. Тақырыбы: Актер деген кім? Русский язык Обучать правильному произношению гласных звуков, формировать навыки понимания и восприятия названий игрушек, отвечать на короткие вопросы простыми предложениями. Тақырыбы: Игрушки</p>	<p>Математика негіздері Ұзындығы бойынша түрлі заттарды салыстыруға, ұзын, қысқа сөздерін қолдануға үйрету. Тақырыбы: Үлгі бойынша санау, сандарды салыстыру, (4 және 5) . Тәулік бөліктері. Сол жақта, ортада, оң жақта. Жаратылыстану Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту, көкөністер мен жемістерді топтастыра білуге үйрету (сәбіз, қияр, қызанақ, алма, алмұрт, апельсин), қоршаған табиғатқа қызығушылығы Тақырыбы: Ағаштар мен бұталар</p>	<p>Сурет салу Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуды үйрету Тақырыбы: Сырмақты әшекейлейміз Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, музыка сипатына қимылмен үйрету. Тақырыбы: Күз - жомарт Жапсыру Дайын пішіндерден шкафтың бейнесін жасауға үйрету. Тақырыбы: Қонжыққа арналған пирамида.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Өлі және тірі табиғат туралы білімдерін, көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін, бөлме өсімдіктерінің түрлері мен ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру Тақырыбы: Үй жиһаздары</p>
---------	---	--	---	--	---

«ӘЛИЯ» жекеменшік балабақшасының «БАЛДЫРҒАН» ересек тобының перспективалық жоспары ҚАЗАН АЙЫ 2021-2022 ж

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету.

Міндеті: Отбасы мүшелерін сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу. Отбасы туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдайын ұйымдастыру. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже

	Денсаулық Дене шынықтыру(3с)	Қатынас Сөйлеуді дамыту(1) Көркем әдебиет(1) Орыс тілі (0,5)	Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)	Шығармашылық Сурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру(0,5)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1. апта	<p>Дене шынықтыру 1. Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарама- қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тақырыбы: Баскетбол ойынының элементері</p> <p>2. Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тақырыбы: Баскетбол ойынының элементері</p> <p>3. Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Тақырыбы: Допты домалату</p> <p>Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. Тақырыбы: Әйгерім дастарханды әзірлеп жаттыр</p> <p>Көркем әдебиет Көшедегі қауіпсіздік туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету. Тақырыбы: Отбасындағы сыйластық</p>	<p>Математика негіздері Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұстастыру арқылы салыстыруға үйрету. Тақырыбы: 1 цифр және санымен таныстыру. Сол жақта ортада - оң жақта. Шеңбер шаршы туралы өткенді пысықтау</p> <p>Жаратылыстану Күз мезгілінің негізгі ерекшеліктерін: аспанның бұлттануы, жаңбыр, жапырақтардың түсуі, күннің суытуын бақылау Тақырыбы: Алтын жапырақ төккен күз. Құрастыру Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру Тақырыбы: Көп қабатты үйлер.</p>	<p>Сурет салу Асфальтқа түрлі-түсті борлармен үйдің суретін салуды үйрету Тақырыбы: «Атамның тақиясы»</p> <p>Музыка Аспаптық пьесалардың қарама-қарсы әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету. Тақырыбы: Ақ әжем</p> <p>Мүсіндеу Дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерімен мүсіндеуге үйрету</p> <p>Тақырыбы: Жолдағы кірпі</p> <p>Музыка Әннің қарама-қарсы әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету. Тақырыбы: Қалсынапам қуаныш</p>	

<p style="text-align: center;">2-апта.</p>	<p>Дене шынықтыру 1.Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Тақырыбы: Допты домалату .Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама- қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тақырыбы: Қапшықты нысанаға лақтыру .Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.«Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Тақырыбы: Қапшықты нысанаға лақтыру Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Өзінің тұратынкөшесі туралы әңгімелесу, сөздікқорды заттардың сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, зат есімдерді жекеше,көпше қолдануға үйрету. Тақырыбы: «З», «С» дыбыстары Көркем әдебиет Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыстыны алу, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолданабілу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме беребілуге үйрету, достық қарым- қатынас және өзара көмек көрсете білугетәрбиелеу. Көркем әдебиет Тақырыбы: Екі этеш Русский язык Развивать артикуляционный аппарат, называть некоторые предметы ближайшего окружения, учить правильно ставить ударение в словах при произношении Тақырыбы: Семья</p>	<p>Математика негіздері Геометриялық пішін үшбұрышпен таныстыру, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеу Тақырыбы: 1 цифры менсаны туралы өткенді пысықтау .Үлкен, кіші кішкентай Құрастыру Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру Тақырыбы: Көп қабатты үйлер. Жаратылыстану Күн туралы түсініктерін кеңейту: күннің көзінен жылу мен жарық тарайтындығын бақылау, талдау жасай білуге үйрету. Тақырыбы: Мол өнім</p>	<p>Сурет салу Бірнеше тік сызықтарды салу арқылы асфальтка түрлі-түсті борлармен дуалдың суретін салуды үйрету Тақырыбы : Үлкен және кішкентай сәбіз Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардан (сылдырмақтың) дыбыс шығаруын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен біргеби қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету Тақырыбы: Жапсыру Бейнеленген заттарға сәйкес түрлі түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдауды, желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағуды, күздегі ағаштың бейнесін жасауды үйрету Тақырыбы: Піскен алма</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Отбасылық суреттерді қарастыруға және отбасы мүшелері менолардың әрекеттерін,қазақ және басқа халықтардың тұрмыстық заттарын атауға үйрету Тақырыбы: Менің отбасым</p>
---	---	---	---	---	---

	<p>Денсаулық Дене шынықтыру(3с)</p>	<p>Қатынас Сөйлеуді дамыту(1) Көркем әдебиет(1) Орыс тілі (0,5)</p>	<p>Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)</p>	<p>ШығармашылықСурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру (0,5)</p>	<p>Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5)</p>
<p>3-апта</p>	<p>Дене шынықтыру 1.Тізені жоғары көтеріпжүру және аяқтың ұшымен жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Тақырыбы: Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар .Тізені жоғары көтеріпжүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепе- теңдікті сақтай отырып,бір- бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.2- 3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Тақырыбы: Қыздар мен ұлдарға арналған ойындар .Тізені жоғары көтеріпжүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Тақырыбы: Шыбынбике - Шыбынгүл. Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы қарапайым ережелермен таныстыру, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету Тақырыбы: Көжекпен ойналық Көркем әдебиет Отбасы туралы түсінігін кеңейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету. Тақырыбы: Атаның ақылы.</p>	<p>Математика негіздері «Бір-бірден», «бірде біреуі жоқ» ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру, заттарды бір қатарға реті бойынша бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыруды бекіту Тақырыбы: 2 саны және цифрмен танысу. Қысқа , ұзын . Сопақша Жаратылыстану Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, олардың өздеріне тән ерекшеліктерімен: немен қоректенеді, қалай қимылдайды, қандай дыбыстар шығарады, мысықтың тырнап алуынан, иттің тістеп алуынан сақтануды үйрету Тақырыбы: Төрт түлік Құрастыру Су асты патшалығы жайлы білімдерін кеңейту, су жәндіктерін жапырақтан жасалу жолдарын көрсете отырып, балықтың бөліктерімен таныстыру. Тақырыбы: Жапырақтардан жасалған балықтар</p>	<p>Сурет салу Дайын тамақ пісіретін пештің суретін бояуға үйрету Тақырыбы: Тәрелкені әшекейлеу. Музыка Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдауға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету Тақырыбы: Түстер Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардың (сылдырмақтың, барабанның) дыбыс шығаруын айыра білуге, айтатын әннің мазмұнына көңіл бөлуге үйрету Тақырыбы: Торғай Тақырыбы: Доп Мүсіндеу Дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерімен мүсіндеуге үйрету Тақырыбы: Кірпінің жан ұясы</p>	

4. апта.	<p>Дене шынықтыру 1. 1.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тақырыбы: Шыбынбике - Шыбынгүл.2.Аралықтысақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру.Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Тақырыбы: Допен жұмыс 3.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Тақырыбы: Доппен жұмыс Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Күз туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдауға және түсінуге, киімдерді топтастыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. Тақырыбы: Жаз, күз Көркем әдебиет Ертегі кейіпкерінің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем сөйлеуге үйрету, балалардың дауыс интонациясын қадағалау, сахналау .Көркем әдебиет Тақырып: Бір қазансүт (сахналау) Русский язык Обучать правильному произношению гласных звуков, называть времена годаи некоторые явления природы, отвечать на короткие вопросы простыми предложениями Тақырыбы: Осень</p>	<p>Математика негіздері Биіктігі мен қалыңдығы бойынша бірдей және қарама-қарсы заттарды салыстыруға үйрету Тақырыбы: 1 цифры менсаны туралы өткенді пысықтау . Жаратылыстану Күзгі табиғаттың әсемдігін байқай білуді дамыту, ауа райын, ауладағы ересектердің еңбегіне бақылау жасау. Тақырыбы: Алтын күзкелді</p>	<p>Сурет салу Ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге саусақпен салу әдісімен сары жапырақтарды орналастыру. Тақырыбы: Алтын күз Музыка Музыкалық ойыншық аспаптардың (сылдырмақтың, барабанның) дыбыс шығаруын айыра білуге, айтатын әнніңмазмұнына көңіл бөлуге үйрету Тақырыбы: Күз жомарт Жапсыру Дайын пішіндерден шкафтың бейнесін жасауға үйрету. Тақырыбы: Бауырсақ</p>	<p>Қоршаған ортамен танысуАуа райының жағдайын анықтай білу, күзгі табиғат құбылыстарын бақылау, табиғатқа қамқорлықпен қарауға үйрету Тақырыбы: Күзгі ағаштар</p>
----------	--	--	---	---	---

«ӘЛИЯ» жекеменшік балабақшасының «БАЛДЫРҒАН» ересек тобының перспективалық жоспары ҚАРАША АЙЫ 2021-2022 ж
Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Баланың денсулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға үйрету

Міндеті: негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалысы тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған.

	Денсаулық Дене шынықтыру(3с)	Қатынас Сөйлеуді дамыту(1с) Көркем әдебиет(1с) Орыс тілі(0,5)	Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)	Шығармашылық Сурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру (0,5)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1-апта	<p>Дене шынықтыру 1.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тақырыбы: Әжемнің ауылына қонаққа бару.2.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Тақырыбы: Әжемнің ауылына қонаққа бару.3.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру.. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру Тақырыбы: Белгі бойынша тоқтап, жүру және жүгіру. Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету. Тақырыбы: Әңгімеле.. Көркем әдебиет Өзі, дене мүшелері туралы әңгімелесу, тақырыпқа сәйкес шығармадағы бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету Тақырыбы: Суретшібол</p>	<p>Математика негіздері Заттарды ені бойынша үстіне қою және жанына қою әдістері арқылы салыстыруға үйрету Тақырыбы: 3 цифрымен таныстыру. Цифрды заттың санымен салыстыру. «Кеше», «бүгін», «ертең». Жыл мезгілдері(күз). Жаратылыстану Үй жануарлары төлдерінің сыртқы келбетінің сипаттық ерекшеліктерімен, мінез-құлықтарымен, тіршілік әрекетімен таныстыру. Тақырыбы: Жабайы және үй жануарлары. Құрастыру Ірі құрылыс материалдарынан көп түсті құрылыстарды құрастыруға үйрету. Тақырыбы: Қанқыз</p>	<p>Сурет салу Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйрету. Тақырыбы: Дәмдіалма Музыка Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңі-күй танытуға, әнді ширақ айтуға, жоғары және төменгі дыбысталуды ажыратуға үйрету Тақырыбы: Мен кішкентай баламын Музыка Балалар Аспаптарының дыбысталуын ажыратуға, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету. Тақырыбы: Біз бақытты баламыз Мүсіндеу Элементтерді қарапайым заттарға біріктіру, ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету</p>	

<p>2.апта.</p>	<p>Дене шынықтыру 1. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. Тақырыбы:. Белгі бойынша тоқтап ,жүру және жүгіру.</p> <p>2. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Тақырыбы:. Аттап жүру</p> <p>3. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру. Тақырыбы: Аттап жүру</p> <p>Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту,жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға үйрету. Тақырыбы: Бау бақшада бақтардаКөркем әдебиет Қолғап театрының түрлерімен таныстыру, ертегі қойылымы арқылы сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту, сахналау. Көркем әдебиет Тақырыбы: Қолғап театры</p> <p>Русский язык Формировать навыки понимания и восприятия названий некоторых овощей и фруктов, обучение словам, обозначающим признаки предметов по величине, составлять их способом согласования (существител Тақырыбы: Наше тело</p>	<p>Математика негіздері Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтауға үйрету. Тақырыбы: 1,2,3 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Биік- аласа. Баланың зейінін дамыту. Жаратылыстану Табиғат бұрышындағы балықтарға бақылау жасау, олардың сыртқы келбетімен таныстыру, балаларды балықтарға күтім жасау әрекетіне қатыстыру Тақырыбы: Дастарханға нан қайдан келеді?</p>	<p>Сурет салу Дөңгелек пішінді салуды жетілдіру, алақанымен алманың суретін салуға үйрету Тақырыбы: Алма ағашы Музыка Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңі-күй танытуға, әнді созылыққы айтуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрет Тақырыбы: Жемістер Жапсыру Ересектердің даярлаған ірі және ұсақ элементтерге желімді жағып орналастыруға, тақырыпқа сәйкес спорт құралдарын жапсыруды үйрету. Тақырыбы: Пойыз</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Қоршаған ортаны қабылдауға, заттар, ойыншықтар, кітаптар мен ыдыстарға ұқыптылық пен қарауға, кеңістікті бағдарлауға үйрету, көлік құралдарының түрлерімен таныстыру</p>
----------------	--	---	---	---	--

	Денсаулық Дене шынықтыру(3с)	Қатынас Сөйлеуді дамыту(1) Көркем әдебиет(1) Орыс тілі (0,5)	Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)	Шығармашылық Сурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру (0,5)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5)
3-апта	<p>Дене шынықтыру 1.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау.Тақырыбы: Аттракциондар 2.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Еңіс тақтай бойыменеңбектеу. Тақырыбы: Аттракциондар 3.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Допты жоғарыға лақтыру. Тақырыбы: Музыкалық ырғақтыжаттығулар Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді, сөздік қорды заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының қарапайым тәсілдерін қолдануға үйрету. Тақырыбы: «Ц» және «Ч» дыбыстары Көркем әдебиет Тақырыпқа сәйкес ертегі оқып беріп оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету. Тақырыбы: Күзде</p>	<p>Математика негіздері Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру, ұзындығы менені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету Тақырыбы: Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. 3-4 сандарын салыстыру. Кең - тар. Тіктөртбұрыш (өзге фигуралардың арасынан табу) Жаратылыстану Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауда сәбилерді шамасы жетерлік-әрекетке қатыстыру (ірі жапырақтарды сүрту, гүлдерді суару). Тақырыбы: Бөлме өсімдіктері Құрастыру Үлгі құрастыру дағдыларын қалыптастыру.Тақырыбы: Саңырауқұлақтар</p>	<p>Сурет салу Саусақпен салу әдісімен қоянға сәбздің суретін салып беру. Тақырыбы: Қандай заттың пішіні шаршығаұқсайды. Музыка Әуені бір-бірінен айрықша шығармаларды ажырата білуді және оларды есте сақтауды, әнді бірқалыпты қарқынмен көңілді айтуға үйрету. Тақырыбы: Ботақан Музыка Музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Тақырыбы: Анашым акөмектесемін Мүсіндеу Элементтерді қарапайым заттарға біріктіру, ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету Тақырыбы: Әдемі торғай</p>	

4.апта.	<p>Дене шынықтыру .Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Допты жоғарыға лақтыру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Тақырыбы: Музыкалық ырғақты жаттығулар</p> <p>.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Тақырыбы: Командалық ойындар</p> <p>.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жергесекіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. Тақырыбы: Командалық ойындар Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру. Тақырыбы: Ойыншықтар достығы Көркем әдебиет Көңіл күй туралы түсініктерін бекіту; өзінің, басқа адамдардың көңіл күйін түсіну қабілеттерін, мәнерлі сөйлеу, ым- ишара арқылы көңіл күйін бере білу дағдыларын дамыту. Тақырыбы: Біздің көңіл күйіміз Русский язык Формировать навык понимания и восприятия названий некоторых животных, отвечать короткими предложениями на простые вопросы; согласовывать словосочетания (существительное и глагол) Тақырыбы: Продукты</p>	<p>Математика негіздері Геометриялық пішіндер: шеңбер, шаршы, үшбұрышты ажыратып тануды және атауды бекіту Тақырыбы: Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі, үлгі бойынша санау, аралас сандарды салыстыру, заттардың теңдігін анықтау. Заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау. Шеңбер, сопақша Жаратылыстану Жабайы жануарларды танып, атай білуді және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білуді, олардың қимылдарына еліктеп жаттығулар жасауды (қоян болып секіру, аюдай қорбандап жүруді) үйрету. Тақырыбы: Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер</p>	<p>Сурет салу Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін салуға үйрету. Тақырыбы: Күз бейнесі Музыка Әуені бір-бірінен айрықша шығармаларды ажырата білуді және оларды есте сақтауды, әнді бірқалыпты қарқынмен көңілді айтуға, ойындарда бір-бірінен айрықша пьесаларды дене қимылдарын алмастыру арқылы дәл көрсете білуге үйрету. Тақырыбы: Спорт-біздің досымыз Жапсыру Ересектердің даярлаған ірі және ұсақ элементтерге желімді жағып орналастыруға, тақырыпқа сәйкес спорт құралдарын жапсыруды үйрету. Тақырыбы: Табақты әшекейлейміз</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту, Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімдерін, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру</p>
---------	---	--	---	--	--

5-апта.	<p>Дене шынықтыру 1. Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Допты жоғарыға лақтыру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Тақырыбы: Лақтан қайтадан адамға айналу үшін Иванушкаға көмекбереміз !</p> <p>2. Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Тақырыбы: Бөрене үстінде еңбектеу</p> <p>3. Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. Тақырыбы: Бөрене үстінде еңбектеу</p> <p>Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру, сөз бен сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа тәрбиелеу. Тақырыбы: Марғауқыс мезгіліне қалай таңғалды? (әңгіме құрастыру) Көркем әдебиет Көңіл күй туралы түсініктерін бекіту; өзінің, басқа адамдардың көңіл күйін түсіну қабілеттерін, мәнерлі сөйлеу, ым-ишара арқылы көңіл күйін бере білу дағдыларын дамыту. Тақырыбы: Біздің көңіл күйіміз</p>	<p>Математика негіздері Геометриялық пішіндер: шеңбер, шаршы, үшбұрышты ажыратып тануды және атауды бекіту Тақырыбы: Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі, үлгі бойынша санау, аралас сандарды салыстыру, заттардың теңдігін анықтау. Заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау. Шеңбер, сопақша Құрастыру Үлгі бойынша құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Тақырып: Теледидар</p> <p>Жаратылыстану Табиғат құбылыстары мен өлі табиғат заттары туралы түсініктерін кеңейту, тау, өзен, көлдер туралы қарапайым түсініктер Тақырыбы: Жанды табиғат бұрышын мекендеушілер</p>	<p>Сурет салу Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін Салуға үйрету. Тақырыбы: Қанд ай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды</p> <p>Музыка Музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Тақырыбы: Саус ақжаттығуы</p> <p>Мүсіндеу Элементтерді қарапайым заттарға біріктіру, ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету Тақырыбы: Әдемі торғай</p>	
---------	--	--	---	--	--

«ӘЛИЯ» жекеменшік балабақшасының «БАЛДЫРҒАН» ересек тобының перспективалық жоспары ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ 2021-2022 ж

Өтпелі тақырып: Менің Қазақстаным

Мақсаты: Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға тәрбиелеу

Міндеті: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

	Денсаулық Дене шынықтыру(3с)	Қатынас Сөйлеуді дамыту(1)Көркем әдебиет(1) Орыс тілі (0,5)	Таным Математика негіздері (1с)Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)	Шығармашылық Сурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру(0,5)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу(0,5)
1.апта	<p>Дене шынықтыру 1.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еңістақтай бойымен еңбектеу. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Тақырыбы: Сылдырмақтар ойыны</p> <p>2.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүрудетепе- теңдікті сақтау. Лақтырған допты қағыпалу. Тақырыбы: Сылдырмақтар ойыны</p> <p>3.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Лақтырғандопты қағып алу. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Тақырыбы: Орындықта орындалатын жаттығулар</p> <p>Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Балаларға туған жер,Отан туралы түсінік беру, сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруға, сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату Тақырыбы: «Ж» және «Ш» дыбыстары Көркем әдебиет Туған жер, Отан туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақ оқып беріп оның интонациясын қабылдауға, тақпақты жатқа айтуға үйрету Тақырыбы: Қазақстан Республикам менің</p>	<p>Математика негіздері Өзінің дене бөліктерін атауға және бағдарлауға үйрету Тақырыбы: 4 цифрыментанысу. Үлкен кіші, кішкентай. Баланың зейінін дамыту. Жаратылыстану Табиғат құбылыстары мен өлі табиғат заттары туралы түсініктерін кеңейту, тау, өзен, көлдер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Тақырыбы: Жануарлар қысқа қалай дайындалады Құрастыру Үлгі бойынша құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Тақырып: Көпір</p>	<p>Сурет салу «Дайын сандықтың суретін қарапайым ою элементтерімен, штрихтармен безендіруге оларды бояуға үйрету. Тақырыбы: Орамалды әшекейлеу. Музыка Ересектердің орындауындағы әндерді тыңдауға, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысқа бейімделуге, сылдырмақтың дыбысталу динамикасын ажыратуға үйрету. Тақырыбы: Қосалқы Музыка Музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға, ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Тақырыбы: Әй-әй ата Мүсіндеу Элементтерді қарапайым заттарға біріктіру, ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету Тақырыбы: Шырша әні</p>	

2-апта	<p>Дене шынықтыру 1. Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты көлденең нысанаға лақтыру. Тақырыбы: Орындықта орындалатын жаттығулар .Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты көлденең нысанаға лақтыру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе- теңдікті сақтау. Тақырыбы: Оң қолмен және сол қолмен лақтыру .3. Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе- теңдікті сақтау. Тақырыбы: Оң қолмен және сол қолмен лақтыру Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Туған өлке оның табиғаты, айналасындағы заттар туралы түсініктерін кеңейту. Тақырыбы: Жаңа үйді кім тұрғызды? Көркем әдебиет Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу дағдыларын қалыптастыру. Тақырыбы: Шалқан (сахналау) Русский язык Заучивание детьми короткого стихотворения; правильно произносить слова на русском языке, обучать словам, обозначающим признаки предметов по цвету Тақырыбы: Фрукты</p>	<p>Математика негіздері Тәулік бөліктерін: таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету Тақырыбы: 1,2,3,4 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Солға, оңға. Жаратылыстану Туған өлкені мекендейтін жабайы аңдар туралы қарапайым түсініктер беру, олардың дене бөліктерін ажыратуға үйрету Тақырыбы: Құсхананы мекендеушілер</p>	<p>Сурет салу Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, бұлттың суретін салуға және оны бояуға үйрету. Тақырыбы: Торсықты әшекейлейміз Музыка Аудио-бейне таспадан ән тыңдауға, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысқа бейімделуге, ойындарда бір-бірінен айрықша пьесаларды дене қимылдарын алмастыру арқылы дәл көрсете білуге үйрету. Тақырыбы: Сәби қуанышы Жапсыру Бәйтерек пен көкбайрақтың бөліктерін қағаз бетіне жапсыруды, желім қалдықтарын қағаз майлықпен сүртуді үйрету Тақырыбы: Ақшақар</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасын бң астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін қалыптастыру Тақырыбы: Менің елім Қазақстан</p>
--------	---	---	---	--	--

	<p>Денсаулық Дене шынықтыру(3с)</p>	<p>Қатынас Сөйлеуді дамыту(1) Көркем әдебиет(1) Орыс тілі (0,5)</p>	<p>Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)</p>	<p>ШығармашылықСурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру (0,5)</p>	<p>Әлеумет Қоршаған ортамен танысу(0,5)</p>
<p>3-апта</p>	<p>Дене шынықтыру 1.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе- теңдікті сақтау.</p> <p>Тақырыбы: Бастаушыны(жүргізушіні) ауыстырып жүру және секіру 2.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Еңіс тақтай бойыменжүруде тепе-теңдіктісақтау. Допты тура нысанаға лақтыру.</p> <p>Тақырыбы: Бастаушыны(жүргізушіні) ауыстырып жүру және секіру 3.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу.</p> <p>Тақырыбы: Еңбектеу мен доға немесе білте тайақты астынан өту</p> <p>Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Астана, Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейту, сөздерді анық айтуға, зат есімдердің жекеше, көпше түрлерін қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.</p> <p>Тақырыбы: Қонақтарды күтеміз</p> <p>Көркем әдебиет Астана қаласы туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың сөздерін асықпай, дыбыстарды анық айтуға, бейнелі сөздерді қолдануға үйрету</p> <p>Тақырыбы: Менің сүйікті қалам, ауылым және ел ордасы Астанам</p>	<p>Математика негіздері Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты ажырата білуге үйрету</p> <p>Тақырыбы: 1,2,3,4 цифрлары туралы өткенді пысықтау. Үлгі бойынша санау, аралас сандарды салыстыру. Алыс, жақын.</p> <p>Жаратылыстану Еліміздің бас қаласы Астананың табиғатының әсемдігі, ауа-райының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>Тақырыбы: Қазақстанның қызыл кітабы</p> <p>Құрастыру Қағазды жырту және шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіруге үйрету</p> <p>Тақырыбы: Қар мен аққала</p>	<p>Сурет салу Түзу, домалақ пішіндерді салуды жетілдіру, бәйтеректіңсуретін салу және оныбояуға үйрету</p> <p>Тақырыбы: Біздіңәсем шыршамыз.</p> <p>Музыка Ересектердің орындауындағы әндерді тыңдауға, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысқа бейімделуге,музыка әуенімен жаттығулар жасауға үйрету.</p> <p>Тақырыбы: Елтаңбасыелімінің</p> <p>Музыка Түрлі сипаттағы пьесаларды тыңдаужәне есте сақтауға,аспаптың даусына бейімделуге, Мылдырмақтың дыбысталу динамикасын ажыратуға үйрету.</p> <p>Тақырыбы:Жасыл шырша жанында</p> <p>Мүсіндеу Элементтерді қарапайым заттарға біріктіру, ыдыстағы жемістерді мүсіндеугеүйрету</p> <p>Тақырыбы:Жаңа жылдық шыршаға арналған әшекейлер</p>	

4. апта.	<p>Дене шынықтыру Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе- теңдікті сақтау.</p> <p>Тақырыбы: Еңбектеу мен доға немесе білте тайақты астынан өту</p> <p>Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Допты тура нысанаға лақтыру.</p> <p>Тақырыбы: Көлденең қойылған нысанаға лақтыру</p> <p>Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу.</p> <p>Тақырыбы: Көлденең қойылған нысанаға лақтыру</p> <p>Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Тақырыбы: Аязатаны біз қалай қарсы алдық?</p> <p>Көркем әдебиет Ұжыммен бірігіп жұмыс жасай білуге, өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін таныту.</p> <p>Тақырыбы: Ойын ойнап, ән салмай...</p> <p>Русский язык Заучивание детьми короткой песни; расширять словарный запас слов.</p> <p>Тақырыбы: Государственные символы Республики Казахстан</p>	<p>Математика негіздері Біртекті заттардан топтар құрастыру және оның біреуін топтан бөлуді бекіту.</p> <p>Тақырыбы: Цифрды заттың санымен сәйкестендіру</p> <p>Жаратылыстану Жануарлардың қысқа дайындығы туралы түсініктерін кеңейту, табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды бақылау</p> <p>Тақырыбы: Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі</p>	<p>Сурет салу Толқынды және түзу сызықтарды салуды жетілдіру, тудың суретін салу және оны қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету.</p> <p>Тақырыбы: Біздің әсем шыршамыз.</p> <p>Музыка Аудио-бейне таспадан ән тыңдауға, аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысқа бейімделуге, музыканың би сипатын игеруге үйрету.</p> <p>Тақырыбы: Топ-топ балақан</p> <p>Жапсыру Бәйтерек пен көкбайрақтың бөліктерін қағаз бетіне жапсыруды, желім қалдықтарын қағаз майлықпен сұртуді үйрету</p> <p>Тақырыбы: Шыршаны шармен безендіру.</p>	<p>Қоршаған ортаментанысу Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан</p> <p>Республикасын ың астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін</p>
----------	--	--	---	---	--

«ӘЛИЯ» жекеменшік балабақшасының «БАЛДЫРҒАН» ересек тобының перспективалық жоспары ҚАҢТАР 2021-2022 ж

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға тәрбиелеу.

Міндеті: табиғатпен тікелей байланысты тәжірбиені игерту; қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу және тіршілік ету ортасының маңызын түсіндіру

	Денсаулық Дене шынықтыру(3с)	Қатынас Сөйлеуді дамыту(1с) Көркем әдебиет(1с) Орыс тілі(0,5с)	Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)	Шығармашылық Сурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру (0,5)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта	<p>Дене шынықтыру 1.Бұрылып жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Лақтырған допты қағыпалу. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Тақырыбы: Бір орнынан ұзындыққа секіру</p> <p>2.Бұрылып жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру.Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Бөрененің үстімен еңбектеу. Тақырыбы: Бір орнынан ұзындыққа секіру</p> <p>3.Бұрылып жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Тақырыбы: Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүру</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Өсімдіктер, олардың адамға пайдасы туралы түсініктерін кеңейту, айтылған сөздерді зейін қойып тыңдауын және тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін жетілдіру. Тақырыбы: Масақ</p> <p>Көркем әдебиет Өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп, оның мазмұнын түсінуге және рөлдерді ойнағанда кейіпкерлердің мінездерін бере білуге үйрету Тақырыбы: Қыс</p>	<p>Математика негіздері «Біреу», «Көп» ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру Тақырыбы: 5 цифрмен танысу. сол жақта . ортасында, оң жақта Жаратылыстану Туған өлкенің өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, олардың түрлерімен таныстыру Тақырыбы: Өсімдіктерге қалай күтім жасау керек. Құрастыру Өртүрлі түстегі құрылыс материалдарынан құрастыруды жетілдіру, аалада гүл егетін гүлзардың құрылысын құрастыру оны гүлдермен шөптермен безендіруге үйрету Тақырыбы: Қошақан</p> <p>Тақырыбы: Тәрелкесімен сапты аяқ</p>	<p>Сурет салу Саусақпен сурет салуды жетілдіру, гүлдердің суретін салу. Тақырыбы: Көңілді аққалалар</p> <p>Музыка Түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, музыкалық сүйемелдеумен ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға, қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдауға үйрету Тақырыбы: Қыс әні</p> <p>Музыка Түрлі сипаттағы пьесаларды тыңдау және есте сақтауға, әннің көңіл-күйін жеткізе білуге, музыканың алмасуына сәйкес қимылдауға үйрету Тақырыбы: Сұр көжек</p> <p>Мүсіндеу Бөліктерді біріктіру жетілдіру, гүлдің мүсінін жасауды үйрету</p>	

<p>2-апта.</p>	<p>Дене шынықтыру 1.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпенсапқа қайта тұру. Лақтырған допты қағыпалу. Тақырыбы: Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүру 2.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпенсапқа қайта тұру. Лақтырған допты қағыпалу. Тепе- теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Тақырыбы: Жатып орындайтын жаттығулар 3.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Тепе- теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Тақырыбы: Жатып орындайтын Жаттығулар Вариативті компонент Хореография Маман жоспары бойынша</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Жануарлар әлемі туралы түсініктерін кеңейту, олардың дене бөліктерін ажырату. Тақырыбы: Менің сүйікті үй жануарларым. Көркем әдебиет Ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету; балалардың тілін дамыту. Тақырыбы: Түлкімен қоян (конус театры) Русский язык Формировать навыки слушания сказки, произносить слова на русском языке, обозначающих названия некоторых предметов ближайшего окружения, правильно ставить ударение в словах при произношении Тақырыбы: Зима</p>	<p>Математика негіздері Екі тең немесе тең емес заттар тобын салыстыруға үйрету Тақырыбы: 5 цифры туралы өткенді бекіту, 4-5 сандарын салыстыру. Заттың пішінін геометриялық фигуралармен сәйкестендіру. Жаратылыстану Үй және жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы, олардың өзіне тән ерекшеліктерін салыстыруға үйрету, жануарлардың тіршілік етуі үшін қорек, ауа, су, жылу қажет екендігі туралы түсінік беру Тақырыбы: Жануарлардың тіршілік ету үшін не қажет?</p>	<p>Сурет салу Дайын ойыншық қозының сұлбасына аяқтарын, көздерін, құлақтарын, аузын салып жалғастырып, суретін салуға үйрету Тақырыбы: Қысқы көрініс Музыка Түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға, ойын кезіндегі музыканың өзгерістерін уақытылы тыңдай білуге, соған сәйкес қимыл жасай білуге үйрету Тақырыбы: Ойыншықтар Жапсыру Шыршаның дайын бейнесіне қазақ ою-өрнектерін ұқыпты жапсыруды үйрету Тақырыбы: Шалғындағы саңырауқұлақтар</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу Өсімдіктер мен жануарлар, құстар туралы түсініктерін кеңейту, оларға күтім жасауға баулу Тақырыбы: Адамның баспанасы</p>
----------------	--	---	--	---	---

	Денсаулық Дене шынықтыру(3с)	Қатынас Сөйлеуді дамыту(1с) Көркем әдебиет(1с) Орыс тілі(0,5с)	Таным Математика негіздері (1с) Жаратылыстану(1с) Құрастыру(0,5)	Шығармашылық Сурет салу(1с) Музыка(1,5с) Мүсіндеу(0,5) Жапсыру (0,5)	Әлеумет Қоршаған ортамен танысу (0,5)
